



БҰЙРЫҚ

02.04.2021 ж.

Петропавл қаласы

ПРИКАЗ

№ 37

г.Петропавловск

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметін құру туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Занының 16 бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жұмыс ерекшелігін ескере отырып, ұйымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты әзірлеу және енгізу; ұйым қызметінде мүдделер қақтығысын болдырмауды қамтамасыз ету; ұйым шарттарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені, яғни контрагенттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау міндетемесін белгілейтін шарт талаптарын енгізуді қамтамасыз ету; еңбек шарттарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттердің бекітілуімен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың бекітілуін қамтамасыз ету; сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен регламенттердің сақталуын бақылау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицерлер ұйымның ашықтығын, ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы хабарланған жағдайда қоғаммен кері байланысты қамтамасыз етуі тиіс; Агенттікпен әзірлеген әдістеме бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу; ISO 37001 - «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі» стандартын өтуге және алуға дайындық рәсімін бастау; ұйым актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама ұйымдастыру; ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар туралы хабарлаған (оның ішінде анонимді) қызметкерлерді қорғауды қамтамасыз ету, ұйымдағы сыбайлас жемқорлық туралы хабарлауға шешім қабылдаған қызметкерлер үшін «Жедел желі» тетігін енгізу; ұйымның жұмысы туралы ақпараттың ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету; ұйымның өзге де қызметтерінің бақылау рәсімдері тиімділігінің тұрақты мониторингін жүзеге асыру мақсатында КМҚК «М.Жұмабаев атындағы жоғары колледж» жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құрылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жұмысын жүргізуге жауапты тұлға ретінде М.Жұмабаев атындағы жоғары колледж оқытушысы – Тасмағамбетова Асемгуль Мухтаровнаға тағайындалсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Т. Солтановаға жүктелсін.

Директор

Е.Жанділдин

дайындалды:

| Лауазымы | Қолы | Тегі, аты-жөні | күні |
|--------------------|------|----------------|---------------|
| Кадрал меңгерушісі | | Б.Х.Валеева | 02.04.2021 ж. |

таныстырылды:

| Лауазымы | Қолы | Тегі, аты-жөні | күні |
|-------------------------------------|------|--------------------|---------------|
| Директордың ТІ жөніндегі орынбасары | | Б.Т.Солтанова | 02.04.2021 ж. |
| оқытушы | | А.М.Тасмағамбетова | 02.04.2021 ж. |